

ҚЫПШАҚ РАЙХАН

*Алматы қаласы, Алатау ауданы №178 мамандандырылған
лицейдің дене тәрбиесі пәні мұғалімі*

Еліміздегі пандемия кезінде қашықтықтан оқытудың білім беру саласына қосқан артықшылықтары мен кейбір кемшіліктері


Қашықтықтан оқыту – заманауи форматта оқыту. Қашықтықтан оқытудың мақсаты – білім берудің біртұтас ақпараттық жүйесін құру арқылы педагогтардың білім деңгейін көтеру. Еліміздегі пандемия жағдайына байланысты қазақстан педагогтері де қашықтықтан оқыту форматына көштік. Бұл оқыту форматының еліміздегі білім саласына қосқан үлесі де, кемшілік жақтары да баршылық.

Осы тұста алдымен қашықтықта оқыту форматының артықшылықтарына тоқталғым келеді. Білім саласында ақпараттық жүйенің жаңа форматтары пайда бола бастады. Ел басына күн туғанда әріптестеріміз қол қусырып отырмады. Табиғатында жаңалықтың жаршысы бола білген мұғалімдер қауымы қайта біліктілігін көтеріп, ақпарат әлемінің қыр-сырын меңгеруге көшті. Бүгінгі күнде қашықтан оқуда қолданылатын қазақстандық онлайн білім платформаларының саны 8-ге жеткен екен. Солардың ішінде білім беруде BilimLand онлайн-мектебі, Daryn.online білім беру платформалары үлкен қолданысқа ие болып отыр. Сонымен қатар, Kundelik электронды журналында мұғалімдер баға қойып қана қоймай, оқушыларға тапсырма беріп, кері байланыс орната алады. Mektep.EDUS электронды мектеп платформасын Kundelik.kz баламасы деуге болады. Қазіргі таңда жүйеге 160-қа жуық мектеп қосылып жұмыс жасауда екен. Ал, отандық OPIQ.KZ - электрондық оқулықтар платформасын мектептер үшін толыққанды цифрлық портфель деуге болады. Сонымен қатар, «Сфера» онлайн білім беру платформасы да қолданыста. Бұл – мұғалімдерді, оқушылар мен ата-аналарды біріктіретін және қашықтан оқыту процесін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін платформа екені тәжірибеде белгілі. Олардан бөлек, шетелдік WhatsApp, Telegram мессенджерлері, Zoom видеоконференциясы, Microsoft Teams, Google Classroom платформалары да қолданыста екені белгілі. Міне, осындай білім беру платформаларын меңгеру – қашықтықтан оқытудың артықшылығы емес пе? Тағы бір артықшылық тұсын тілге тиек еткім келеді. Білім алудың осындай түрінің ең басты артықшылығы – бұл ыңғайлылық. Қандай себептерге байланысты болмасын, уақыт пен іс-әрекет еркіндігі немесе уақытты үнемдеу болсын, үйрету және үйрену оңай және ыңғайлы. Оқушылардың өздігінен білім алуына, мұғалімдердің қадағалауынсыз, уақыт бойынша ешқандай бақылау және шектеу жоқ, міне осындай жағдай жасалған.

Бүгінгі таңда түрлі білім беру платформаларының тетігін игеріп, қала, республика деңгейінде іс-тәжірибесін таратып жатқандары қаншама? Бұл тағы да бір рет мұғалім атаулының «жаңалықтың жаршысы» екенінің дәлелі десем артық кетпес едім.

Ал, қашықтықтан оқытудың кемшіліктері саусақпен санарлықтай ғана. Қашықтықтан оқытудағы кемшіліктердің бірі – практикалық білімнің жетіспеушілігі. Практика көбірек бағытталған пәндерді қашықтықтан оқыту қиынға соғады. Қашықтықтан оқытудағы негізгі қиыншылық компьютерлік сауатсыздығы деуге де болады. Тағы бірі платформалардың жұмыс жасамауы, интернеттің үзіліп қалуы, ауылдық жерде тұратындардың интернетке қолжетімсіздігі. Дәл осындай кемшіліктерді жоюға да болатыны белгілі. Олай болса, қашықтықтан оқытудың кемшілігінен бұрын артықшылық тұстары көбірек екені белгілі.

Бөлім	3-бөлім Гимнастикадағы денені басқарудың қозғалыс дағдылары	
Педагогтың аты-жөні	№ 178 Мамандандырылған лицейдің дене шынықтыру пәні мұғалімі Қыпшақ Райхан	
Күні	03.11.21ж	
Сынып 11 «А»	Қатысушылар саны	Қатыспағандар саны
Сабақтың тақырыбы	Гимнастикалық снарядтардағы жаттығулар жиынтығы.	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасы на сілтеме)	11.1.5.5.Сенімділікпен қабілеттілікті жақсарту мақсатында жаңа тактика, стратегия және құрылымдық идеяларды жобалау	
Сабақтың мақсаты	Құзіреттілікке жеткізетін сабақтың мақсат – міндеттері: Гимнастикалық ережелерімен әдіс – тәсілдерін тереңдетіп үйретумен қатар ағзаның жаттыққандығын қамтамасыз ететін қозғалыс қимылдарын іскерліктер мен дағдыларды дене мен ақыл ой жұмыс қабілеттілігіне қажетті білімдерін қалыптастыру. Гимнастикалық жаттығулар арқылы балалардың сымбаттылығын қалыптастыру , эстетикалық тәрбиеге	

	баулу, дене қимылын өзге балалардың қимылымен өзара үйлесімді болуын дамыту.			
Бағалау критерииі	Акробатикалық жаттығуларды орындайды Қауіпсіздік ережелерін сақтайды және саптық жаттығуларды нақты орындап көрсетеді			
Сабақтың кезеңі/ уақыты	Мұғалімнің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Басы 10мин	Оқушыларды сапқа тұрғызу,сәлемдесу,рапорт беру. Сабақтың мақсатын түсіндіру . Бір орында: Оңға,солға,кері бұрылу. 2.Жүру:Қолды жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен жүру. Қолды жанға созып өкшемен жүру.Жартылай отырып, толық отырып жүру. 3.Жүгіру: Еркін жүгіру, түзу аяқты көтеріп жүгіру ,аяқты артқа түзу жүгіру, екі жаққа аяқты көтеріп жүгіру.. Жүріске ауысып, тыныс алу жаттығуларын орындау. Бір орында жалпы дене шынықтыру жаттығуларын орындау. 	Оқушы өз жұбын табады Сұрақ жауап орындайды	Қол шапа лақ	Ысқыр ық, секунд омер, плакат , түрлі түсті маркер лер

Ортасы 30мин

 Спорттық Гимнастика кермедегі жаттығулар арқанға өрмелеу	Қолдары н дұрыс айналды ру. Қолды артқа ұстау. Қолды алға бел деңгейін де ұстау. Ауаны жұтып тез шығару. Терең дұрыс дем алу. Қолдың ұшына қарау керілу Қолдың ұшына қарау керілу Басты көтеріп денені тік ұстау	Смал иктер арты лы ҚБ өзін бағал ау ҚБ: Мұға лім тарап ынан жүре тін бағал ау «Ауы зша мадақ тау	Допта р: түрлі мөлше р, тексту ра, түс, салмақ , т.б. Допта р (түрлі мөлше рлі). Нысан а ретінд е түрлі қайта өнделе алаты н заттар қолдан ыла алады: пласти калық саптая қ / шөлме ктер, картон туба / жәшік тер.
Дайынды жаттығулары: - Гимнастикалық орындықтан дайындық жаттығулары. - Орындық үстінен жүріп өту; - Орындық үстінен аяқтың ұшымен жүріп өту; - Тізені биік көтеріп жүріп өту; - Секіріп түсуді орындау; - Қарлығаш жасау; - Аяқты сермеп көтеріп астынан шапалақ ұру.  Қолды түзу ұстау Тереңіре к иілу Керіліп созылу	тізені бүкпе алға тік қарау		
Гимнастикалық бөренеді жаттығулары Секіріп шығу;			

	• Қырындап жүру; • Отырып 180 градусқа бұрылу; • Аяқты ауыстыра секіру; • Бөрене бойымен сермей жүру; • Бұрыштап отырып артқа таяну; • Жартылай шапқа отыру;  Акробатикалық жаттығулар: 1. жиналып алға домалау 2. артқа домалау 3. бүгіліп отырған қалыптан артқа домалап жауырынға тұру 4. Алға аударылып түсіп таянып отырып басқа және қолдарға тұру 5. Жиналып, домалап түсіп, таянып отыру 6. Алға қарай қолды жерге қойып, айналып аяқпен түсу Кермедегі жаттығулар: 1. кермеге асылып тұру 2. оң немесе сол аяқты іліп тұрып, екінші аяқпен сілтеп, күшпен жоғары шығып оң немесе сол аяқты сілтеп мініп отыру.	Кең тыныс алу Сан бойынша орындау Тыныс алу Жаттығуларды орындау да қадамдардың логикалық бірізділігін сақтайды. Жаттығуды орындау техникасын қатаң сәйкестікте жүргізеді Жаттығуларды орындау үшін қажетті ресурстарды анықтайды Жаттығуды орындау		
--	--	--	--	--

	3. шыққан қалыппен қайта төмен түсіп, асылып тұру 4. тартылу 5. тербелу тербелу тұрып артқа секіріп түсу. Домалап түсу жаттығуын орындай отырып, бүгіліп отыру жағдайына тез келу керек. Ол үшін домалау кезінде жамбастың еденнен жеңіл көтерілуіне көмек беру мақсатында қолды белсенді қимылға көшіру керек. Аяқты түзу ұстап, аяқтың көмегімен серпіліп шығып, денені тік ұстап отыру. Аяқпен серпілуден кейін қолды ағаш атқа тіреу. Қолдың тірелгенін сезгеннен кейін жамбасты көтеріп тізені кеудеге тез тарту, қолды тіреп отыру қалпына келтіру.	техникасын қатаң сәйкестікте жүргізеді		
Сабақтың соңы 5мин	Қалыптастырушы бағалау. «Социаграмма» әдісі: Тапсырма: оқушылар сабақтан қаншалықты дәрежеде тың мәліметтерді алғанын шәкіл тұсына белгілейді. Кері байланыс Оқушылар сабақта алған білімдерін қорытындылау үшін «Білемін, білгім келеді, үйрендім» (ББҮ стратегиясы) кестесін толтырады.	Бүгінгі сабақтан түйген ойлары мен тұжырымдарына байланысты кері байланыс жасайды.		Рефлексия парағы